

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Ақтау және Баутино порттарының теңіз әкімшілігін құру мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 743 қаулысы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес, «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бекітілген штат саны лимитінің шегінде «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі «Ақтау және Баутино порттарының теңіз әкімшілігі» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мекеме) құрылсын.

2. Мекемені қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігіне көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген т ә р т і п п е н :

1) мекеменің ережесін бекітсін және әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.**

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*